

**"Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1531 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 445 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1531 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2013 жылғы	30 сәуірдегі
№ 445 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
2010 жылғы	31 желтоқсандағы
№ 1531 қаулысымен	
бекітілген	

# Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

## 1. Миссия және пайымдау

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) миссиясы – ұзақ мерзімді перспективада халықтың әл-ауқатын жақсарту және елдің орнықты дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Пайымдау – 2020 жылға қарай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде үштен бірінен жоғары сапалы өсуі.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық экономиканы жаңғырту

Өткен онжылдықта қазақстандық экономиканың жай-күйі көбінесе энергия ресурстары мен минералдық шикізаттың басқа да түрлеріне сыртқы конъюнктурамен айқындалды. 2000 – 2007 жылдары тауарлар экспорты орташа есеппен жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 45 %-ын құрады. 2008 жылы мұнай бағасы рекордтық тарихи деңгейде бір баррель үшін 147 АҚШ долларына дейін жеткен кезде, экспорт ЖІӨ-ге қарағанда 53,9 %-ға дейін өсті. Жаһандық экономикалық дағдарыс салдарынан энергия ресурстарының әлемдік бағасының төмендеуі кезінде 2009 жылы экспорт көлемі ЖІӨ-ге қарағанда 40,3 %-ға дейін төмендеді.

2008 жылы басталған әлемдік экономиканың баялауы, ресурстарды тұтынудың қысқаруы, Қазақстанның тауарлық экспортының негізгі құраушысы болып табылатын мұнай, металл, металл илегіне әлемдік бағалардың төмендеуі қазақстандық экономиканың өсу қарқынының баяулауына септігін тигізді. 2008 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің нақты өсімі 2007 жылғы 8,9 %-бен салыстырғанда 3,3 %-ды құрады. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі қысқарып, өнеркәсіптегі, құрылыстағы, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы өсу қарқыны төмендеді.

2009 жылы Қазақстан экономикасының дамуы терең әлемдік экономикалық дағдарысқа бейімделу жағдайында өтті. 2009 жылдың қорытындысы бойынша нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны 1,2 %-ға дейін төмендеді. Экономиканың оң өсімі 2009 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 13,8 %-ға артуымен, мұнай өндіру көлемінің 8,1 %-ға артуымен, сондай-ақ экономика секторларындағы белсенділік пен сұранысты ынталандыру жөніндегі мемлекеттің дағдарысқа қарсы шараларымен қамтамасыз етілді.

2010 жылдың басынан бастап экономика салаларында оң серпін байқалды, бұл белгілі бір дәрежеде әлемдік экономиканың жандануына негізделді.

Нақты ЖІӨ 2010 жылы 2009 жылға қарағанда 7,3 %-ға ұлғайды. Салыстыру үшін 2010 жылы басқа елдерде ЖІӨ өсуі: АҚШ-та – 3,0 %, Қытайда – 10,3 %, Германияда – 3,5 %, Жапонияда – 4,0 %, Ұлыбританияда – 1,3 %, Ресейде – 4 %, Беларусьияда – 7,6 %  
қ ұ р а д ы .

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның жақсаруы аясында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 2010 жылы 10,0 %-ға, оның ішінде тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді дайындауда 5,3 %-ға өсім есебінен, өңдеу өнеркәсібінде 18,4 %-ға өсу есебінен ұлғайды .

Тауарлар өндіру мен қызмет көрсету көлемінің ұлғаюымен сипатталатын экономика салаларының дамуы жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал етті.

Жұмыссыздық деңгейі 2010 жылы экономикалық белсенді халық санының 5,5 %-ын құрады, бұл 2009 жылға қарағанда 0,8 пайыздық тармаққа төмен. Салыстыру үшін 2010 жылы басқа елдерде жұмыссыздық: АҚШ-та – 9,6 %, Қытайда – 4,1 %, Германияда – 7,1 %, Жапонияда – 5,1 %, Ұлыбританияда – 7,8 %, Ресейде – 7,5 %, Беларусьияда – 0,7 %  
қ ұ р а д ы .

Сонымен қатар әлемдік экономиканың қалпына келуі мен әлемдік тауар нарықтарындағы бағалар деңгейінің өсуі аясында отандық экономиканың өсуі ішкі бағалардың артуына ықпал етеді. 2010 жылғы желтоқсанда инфляция деңгейі 7,8 %-ды құрады, бұл 2009 жылғы желтоқсанға қарағанда 1,6 пайыздық тармаққа жоғары.

Отандық экономика жай-күйінің сыртқы бағалар факторларынан тәуелділігі оған тән құрылымдық поляризация салдарынан сақталып отыр. Бір полюсте – бұл тез дамиды табыстылығы жоғары шикізаттық салалар және табыстары әлемдік экономиканың жай-күйі мен сыртқы нарықтардағы конъюнктураға толығымен тәуелді, толығымен әлемдік нарыққа жұмыс істейтін металлургия салалары. Мұнда ауыл шаруашылығын да жатқызуға болады. Екінші полюсте – рентабельділігі мен қосылған құны төмен басымды түрде ішкі нарыққа бағдарланған өңдеу секторының салалары.

Осылайша, экономиканың жай-күйі көбінесе шикізаттық экспортқа бағдарланған салалардың дамуымен айқындалады. Экономиканың мұндай құрылымы оның тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан экономиканың тұрақты өсу қарқындары болашақта басымды түрде шикізаттық емес секторды дамытумен  
қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

2010 жылы бөлшек сауда айналымы 3197,1 миллиард теңгені құрады немесе 2009 жылмен (2551,4 миллиард теңге) салыстырғанда 17,9 %-ға ұлғайды. 2010 жылы көтерме сауда айналымы 8152,4 миллиард теңгені құрады немесе өткен жылғы деңгейге қарағанда 111,9 % (6872,3 миллиард теңге).

2010 жылы Қазақстан Республикасында 60 брокерлік-дилерлік ұйымдар мен 8 тауар биржалары жұмыс істеді, онда спот-тауарлар бойынша 10 407 мәміле жасалды.

2010 жылы биржалық мәмілелердің жалпы көлемі 86,5 миллиард теңгені құрады және 2009 жылмен (55 миллиард теңге) салыстырғанда 57,3 %-ға және 2008 жылмен салыстырғанда (13,7 миллиард теңге) 6 еседен көп ұлғайды. Бұл ретте, саудаға қойылған спот-тауарлардың көлемі 2009 жылмен (94,5 миллиард теңге) салыстырғанда 9 еседен көп (884 миллиард теңге) және 2008 жылмен (25,3 миллиард теңге) салыстырғанда 35 еседен көп өсті.

Қазіргі жағдайда бөлшек сауда өндірісті, бөлуді, көлем мен тұтынуды біріктіре отырып, онымен бірыңғай кешенді қалыптастыра отырып елеулі мәнге ие болып отыр.

Соңғы уақытта осы заманғы сауда елеулі құрылымдық өзгерістерге ұшырады: стихиялы ұйымдастырылған нарықтардың қысқаруы, бөлшек желілерді нығайту, шетелдік операторлардың өктемдігі, ірі бөлшек желілер арасында бәсекелестіктің күшеюі.

Осылайша, қазіргі уақытта бөлшек тауар айналымы негізінен өз қызметін стационарлық желілерді жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдар мен жеке кәсіпорындармен қалыптастырады.

Қатаң құрылымдаумен және жаңа форматтар мен сауда ұйымдарының кіші форматтарын қолданысқа енгізе отырып бүгінгі күні тұтыну нарығының жай-күйін атап өткен жөн. Бұдан қоса, бөлшек саудасының осы заманғы дамуы дүкендер, сату әдістері мен қызмет көрсету нысандары түріндегі үлкен өзгерістермен қоса жүреді.

Министрлік дамыған елдерде кеңінен қолданыс тапқан «Кэш энд Кэрри» - «қойма-жаймалар» қағидаты бойынша ұсақ көтерме сауданы қолдану тәжірибесін Қазақстанда дамытуға және құруға ерекше назар аударып отыр. Қазақстанда қазірдің өзінде «РАМСТОР», «АСТЫҚЖАН», «АРЗАН», «МЭТРО» және т.б. сияқты «қойма-жаймалар» қағидаты бойынша жұмыс істейтін компаниялар бар.

Ішкі сауданы дамытудың оң үрдістері бірқатар проблемалардың сақталуымен бірге жүреді.

Сауда нарықтарында көлеңкелі айналымның едәуір көлемі, контрабандалық және контрафактілік өнім өткізудің жоғары деңгейі; өткізілетін тауарларға жасанды сапа сертификаттарының кең қолданылуы орныққан.

Тиімді жұмыс істейтін тауарлық биржа нарықтың ашықтығын, қаржылық мүмкіндіктері мен тиімділігін айтарлықтай арттыруы мүмкін. Тауарлық биржалар арқылы сауда делдалдардың санын қысқартуға мүмкіндік береді, бұл экономиканың көлеңкелі секторын қысқартуға жәрдемдеседі. Тауарлық биржалар арқылы тауарларды өткізуге тауар өндірушілерді тарту мәселесі өзекті.

Елде инвестициялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың тұтастай көрінісінің болмауы олардың тиімсіз іске асырылуына, экономика салаларындағы теңсіздікке және жобаларды пайдалануға бергеннен кейін ресурстық қамтамасыз етудің болмауына алып келетінін атап көрсету керек.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылдануымен

концессия тетігін қолдану арқылы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жеке секторға инвестициялық және технологиялық ресурстарды инвестициялауға мүмкіндік беретін құқықтық негіз салынды.

Қазіргі уақытта 3 объект іске асырылу барысында, олардың жалпы құрылыс құны 45,6 миллиард теңге.

Үкімет Орта мерзімді кезеңге концессияға беруге ұсынылған объектілер тізбесін қалыптастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 21-ші жалпы отырысында атап өткендей, мемлекеттік қолдау шараларын жүйелендіру, жергілікті деңгейде жобаларды іске асыру кезінде, әсіресе әлеуметтік және тұрғын үй – коммуналдық сала объектілерінің құрылысы кезінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік құралдарын жылжыту маңызды болып табылады.

Республикалық бюджет шығыстарының теңгерімділігі мен құрылымы, салық пен кеден төлемдері түсімдерінің толықтығы, салық пен кеден жүйелерін жақсарту мәселелері өзекті болып қалуда.

Экономикалық ахуалдың нашарлауы немесе жақсаруы республикалық бюджетке және Ұлттық қорға түсімдердің деңгейіне, бюджет шығыстарының құрылымына әсерін тигізетін анықтаушы сыртқы фактор болып табылады.

Алдағы перспективада макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бюджеттік саясат теңгерімділігінің және мемлекеттік шығыстар тиімділігін арттырудың жаңа тәсілдері әзірленетін болады.

Мемлекеттік борышты қалыпты деңгейде және мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қолдау үшін ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығының және мұнайға қатысты емес тапшылықтың өсімін ұстап тұру жоспарлануда. Квазимемлекеттік сектор борышының өсуіне бақылау қамтамасыз етілетін болады.

Экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту үшін Үкімет қабылдайтын «тікелей» шаралардан басқа Министрлік құзыреті шеңберінде қазақстандық экономиканы әлемдік сауда жүйесіне одан әрі интеграциялау жүргізілетін болады.

Атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде интеграциялық бастамаларды іске асыру және экономикалық пайдалы жағдайда Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздер процесін аяқтау бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бүгінгі таңда Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының (ЕурАзЭҚ) маңызды интеграциялық ілгерілеуінің бірі бірыңғай кеден тарифін және Кеден одағына кірмейтін үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда саясатын қолдана отырып, тауарлардың еркін сауда аймағының режимін іске асыруды көздейтін 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағының іс жүзінде іске асырылуы болып табылады.

Кеден одағының жұмыс істеуі интеграцияның барынша тереңдетілген нысаны –

көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын көздейтін Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға өту үшін алаңға айналды. Көлік инфрақұрылымына тең қолжетімділік қазақстандық тауарлардың алыс шетелдердің өткізу нарықтарына дейінгі қозғалысы кезіндегі шығындар мен уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын 17 келісімге қол қойылды және олар 2012 жылы күшіне енді, Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыратын келісімдерді іске асыру мақсатында құжаттарды әзірлеудің күнтізбелік жоспарын іске асыру жалғасуда.

Тұтастай алғанда, ЕурАзЭҚ шеңберіндегі интеграция процестері елдің экономикалық әлеуетін ашудың бірлескен, бірін-бірі толықтыратын өндірістерді құру жолымен бәсекелестік қабілеті жоғары әлемдік нарыққа шығудың, сондай-ақ барынша пайдалы жағдайларда өзара сауда жасаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграция процестерін мазмұнды пысықтау және тиісінше үйлестіру Қазақстан Республикасының интеграциялық бастамаларын тиімді іске асыруға қол жеткізудегі ұлттық мүдделерін кешенді ескеруді қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

Қазақстандық заңнаманы ДСҰ-ның міндетті келісімдерінің ережелерімен толық сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Кеден одағын тәжірибелі іске асырудың басталуымен ДСҰ-ға кіру бойынша келіссөз процесі біраз өзгерістерге түсті, олар ең біріншіден, ДСҰ-ға мүше елдер кіргеннен кейін Кеден одағының толық жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау қажеттілігімен байланысты.

Бұл мақсатта біздің елдер ДСҰ-ға кіру бойынша келіссөздерді Кеден одағы комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша үйлестірілген ұстаным негізінде жүргізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан тиісті хаттамаларға қол қою арқылы ДСҰ-ға мүше 29 елмен қазақстандық тауарлар және қызметтер нарығына қол жеткізу бойынша екіжақты келіссөздерді аяқтады.

## 2. Нәтижелі мемлекеттік секторды құру

Қолданыстағы мемлекеттік басқару жүйесі халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін толық қамтамасыз етпейді, мемлекеттік органдардың халықпен жедел қайта байланысы жоқ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен сапасының төмендігі байқалады, себебі барлық мемлекеттік қызметтер бойынша оларды көрсетудің нақты стандарттары мен регламенттері әзірленбеген.

Осыған байланысты, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі арттыру және оларды көрсету процестерін жетілдіру талап етіледі, нәтижесінде бұл сапалы қызметтер алуға азаматтардың өзінің конституциялық құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа мемлекеттік қызметтерді стандарттау процесінің негізі болып табылатын қолданыстағы Басқару салалары (аялары) бойынша мемлекеттік қызметтердің тізілімін кезең-кезеңімен кеңейту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2011 жылдан бастап тұрақты түрде мемлекеттік органдардың қызметін функционалдық шолу көздеуде. Әрбір нақты мемлекеттік органда өкілеттіктердің оңтайлы көлемін айқындау жекелеген секторда, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейінде артық функцияларды жою, қайталанатын өкілеттілікті болдырмау, жетіспейтін функцияларды бекіту және нарық тетіктерін пайдалануды кеңейту жолымен мемлекеттің барабар рөлін тұтастай белгілеуге мүмкіндік береді.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында, сондай-ақ Үкімет пен оның құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың арасында функцияларды жеткілікті нақты бөлу отандық әкімшілік реформаның бұған дейінгі кезеңінің оң нәтижелерінің бірі болып табылатындығына қарамастан, деңгейлес және сатылас үйлестіру және бірлесе жүргізу функцияларын нақты бөлу мәселелері әлі күнге дейін де н қ о ю д ы т а л а п е т е д і .

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттіктерін барынша нақты айқындау, сондай-ақ функцияларды жүзеге асыру процестерін жетілдіру үшін мемлекеттік басқарудың тиісті саларындағы (аясында) саясаттың тиімділігін бағалау арқылы мемлекеттік органдардың қызметіне жүйелі негізде функционалдық шолулар жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі заманғы Қазақстанның жылдам өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мемлекеттік билік органдарының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды, осыған байланысты мемлекеттік басқару жүйесі басқарудың үйреншікті, дәстүрлі әдістерін ғана қайта қарауға мәжбүр болып қана қоймай, өз қызметінің тиімділігін тұрақты арттырып отыруы тиіс.

«Орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурызда қабылданған Жарлығының міндеті мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру болып т а б ы л а д ы .

Осыған байланысты 2011 жылдан бастап жүйелі негізде 26 орталық мемлекеттік орган және 16 жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жү р г і з і л д і .

2014 жылдан бастап Министрлік «Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу» бағыты бойынша орталық мемлекеттік органдарға бағалау жүргізеді, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар бойынша жалпы бағалауды қ а л ы п т а с т ы р а т ы н б о л а д ы .

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс

істеуі үшін оның процесіне: көрсетілген жүйенің құжаттарын әзірлеуге, іске асыруға, мониторинг жүргізуге, бағалауға және бақылауға арналған әдіснамалық тәсілдер б е к і т і л д і .

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауға байланысты мемлекеттік мүлікті басқаруды жоспарлау, мониторинг жүргізу, бағалау және тиімді бақылау жүйесін құру бойынша негіз салынды.

Министрлік Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Бірыңғай мемлекеттік мүліктің тізілімі негізінде мемлекеттік мүлікті басқаруды жоспарлау, мониторинг жүргізу, бағалау және тиімді бақылау жүйесін қалыптастыру бойынша әдістемелік тәсілдерді әзірлейтін болады.

Бекітілген есеп беру нысандары негізінде жыл сайын мемлекеттік кәсіпорындардың , мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) даму жоспарларының орындалу мониторингі жүргізіледі. Мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың ( жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) даму жоспарларының орындалуы туралы есеп берулер негізінде мемлекеттік мүлікті басқаруды талдау және тиімділікті бағалау жүзеге асырылатын болады.

Заңсыз сыртқы көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау Министрлік қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Заңсыз көші-қон ауқымы жыл сайын 200-300 мың шетелдікке дейін жетеді.

Бақылауды күшейту және заңсыз сыртқы көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында көші-қон проблемаларын шешу жөніндегі көші-қонды бақылау, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді көздейтін Кешенді жоспарды әзірлеу қажет.

Бұдан басқа, Министрлік жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган ретінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмылдыру іс-шараларын орындауға дайындығын арттыруға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

### **3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері**

1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық экономиканы жаңғырту			
1-мақсат. 2020 жылға қарай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде үштен бірінен аса арту			
Бюджеттік бағдарламалар кодтары 001, 002, 003, 004, 006, 007, 008, 010, 011, 014, 015, 016, 017, 020			
			Оның ішінде аралық мәнді көрсетумен



Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. ЖІӨ ФКИ	Стат. деректер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,2	105,0	107,0	105,4
2. Шикізаттық емес сектордың ФКИ	Стат. дерекер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	98,4	105,1	107,4	107,4
3. Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсімі	Стат. деректер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,1	102,9	112,8	103,5
4. Көлеңкелі экономика мөлшері	Стат. деректер	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен	19,5 (2008 жылғы бағалау)	20-дан аспайтын	20-дан аспайтын	20-дан аспайты
5. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде «Салық салу деңгейі мен әсері» көрсеткішінің жақсаруы	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын	89	41	39	38
6. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде «Монополияға қарсы саясат тиімділігі» көрсеткішінің жақсаруы	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын	92	121	95	95
7. Үй шаруашылықтарының тұтыну үлесі	Стат. деректер	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен				60
8. Мемлекеттік басқарудың тұтыну үлесі	Стат. деректер	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен				10
9. Реттелетін тарифтердің негізсіз артуына жол бермеу және Қазақстан Республикасының Үкіметі (табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жолымен) жыл сайын айқындайтын инфляция дәлізін орындау	ЭБЖМ ақпараты	%				100
10. Тауар нарығының тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін факторларға жол бермеу (бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жолымен)	ЭБЖМ ақпараты	%				100

11. Жалпы салықтық ставка (жүктеме), ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде табыс %	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын	50	31	31	30
12. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде қабылданатын шешімдердің ашықтығы	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын		53	32	31
13. Үкіметтік борыш үлесі	ЭБЖМ, Қаржымині деректері	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен	9,5	10,3	10,0	11,8
14. Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға кредит беруін ұлғайту	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен				105,7
15. Сауда ФКИ	стат. деректер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	97,5	108,0	112,0	114,3
16. Концессиялық ұсыныстар санын ұлғайту	ЭБЖМ ақпараты	Базалық жылға қарағанда %-бен				10
17. Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы	Қаржымині деректері	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен				-7,5
18. «Мемлекеттік бюджет балансы (профицит/тапшылық)» ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторы	ДЭФ ЖБИ есебі	Рейтингтегі орын				
19. «Мемлекеттік органдардағы ысырапшылдық» Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторы	ДЭФ ЖБИ есебі	Рейтингтегі орын				
20. «Тікелей шетел инвестицияларына реттеу әсері» Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторы	ДЭФ ЖБИ есебі	Рейтингтегі орын				

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, құралдары және әдістері:

1.1-міндет. Болжанатын көрсеткіштер шегінде экономиканың дамуын қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпа рат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Экономика өсуінің нақты қалыптасқан қарқынының ЖІӨ өсуінің нысаналы көрсеткіштерінен ауытқуы	Стат. деректер	%	101,1	102,0	98-102	95-105
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл

1	2	3
1) Салаларды және жалпы экономиканы дамытудың болжамды көрсеткіштерін қамтамасыз ету бойынша орталық салалық мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру	X	X
2) Экономиканың даму қарқындарына кері әсер ете алатын әлемдік және отандық экономикалардың дамуында әлеуетті кері үрдістерді анықтау	X	X
3) Экономикалық өсу көздерінің факторлық талдауы және оның тұрақтылығы мен теңгерілімдігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу	X	X
4) Орта мерзімді кезеңге арналған экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру	X	X
5) Қазақстанның бәсеке қабілеттілігінің деңгейін көтеру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру	X	X
6) Әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингтерде Қазақстан көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын әзірлеу	X	
7) Әлемдік рейтингтердің оператор-серіктестерімен тұрақты жұмыс жүргізу	X	X
8) «G-Global» диалог алаңын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу		
9) Өзекті мәселелер мен проблемалар жөнінде Дүниежүзілік экономикалық форумның бас офисімен, Дүниежүзілік банкпен кездесулер, консультациялар жүргізу	X	X
10) ЖІӨ құрылымындағы тұрақты бағада есептелген үй шаруашылығы мен мемлекеттік басқару шығыстарының көрсеткіштерінің мониторингі	X	X
11) Стандартты іс-қимыл пакеттерімен бірге дағдарысқа қарсы ден қоюдың көпдеңгейлі жүйесін енгізу		

1.2-міндет. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін дамыту

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік келісімшарттарының жаңа түрлерін енгізу	Э Б Ж М ақпараты	Келісімшарттар түрлері				
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Жобаларды іске асырудан болашақ ақша ағымдары түрінде активтер бөлу жолымен қамтамасыз етуді құру мақсатында талап ету құқығын беру бойынша жобалық қаржыландыру тетігін пайдалану үшін жағдай жасау						X
2) Мемлекет есебінен қаржыландырылатын барлық жобалар үшін қаржылық және экономикалық рентабельділік стандарттарын енгізу						
3) Концессиялық заңнаманы жетілдіру					X	X
4) Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа түрлері мен келісімшарттарын енгізу арқылы мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолдану аяларын кеңейту (денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және т.б.)					X	X
5) Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде жобаларды дайындау және іске асыру процестерін тиімді басқаруды және бақылауды қамтамасыз ету						
6) Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әртүрлі тетіктері бойынша жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік қолдауды дамыту					X	

7) Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті ортамерзімдік кезеңде дамытудың басымдықтарын айқындау					X	
1.3-міндет. Ішкі сауданың тиімділігін арттыру						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Бөлшек сауда айналымының өсу қарқыны	Стат. деректер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен		100	102	103
2. Сауда саласында қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінде ірі сауда объектілері мен сауда желілерінің үлесін арттыру	Стат. деректер	2009 жылға қарағанда %-бен				
3. Ашық баға қалыптастыруды арттыру мақсатында бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінде биржалар арқылы сауда операциялары көлемінің үлесін арттыру	Стат. деректер	Тауар айналымының жалпы көлемінен %	0,8	0,8	0,9	1,0
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Сауда саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру					X	X
2) Қайта өңдеу, қаптау, сауда жабдығын алуды жеңілдікті түрде қаржыландыру арқылы және шағын сауда форматтарын (гипермаркеттер, супермаркеттер, дискаунттер және т.б. түріндегі сауда үйлері) біріктіру арқылы сауда-сатып алу кооперациясы жүйесін құру бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру					X	X
3) Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағалардың өзгеруін талдау және тиісті ұсыныстарды әзірлеу					X	X
4) Рұқсат беру құжаттарын беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуді (Министрлік көрсететін рұқсат беру құжаттарын беру) электрондық форматқа ауыстыру						X
1.4-міндет. Макроэкономикалық тұрақтылықты және Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық мақсаттары м						
камтамасыз етуге бағытталған бюджеттік саясатты және бюджеттік жоспарлауды жүргізу						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Республикалық бюджетке түсімдердің жалпы көлеміндегі кепілдендірілген трансферттің үлесі	ЭБЖМ деректері	Республикалық бюджетке түсімдердің жалпы көлемінен %	30,3	32,2	26,4	29,0
	Қ Р әлеуметтік-экономикалық	ЖІӨ %				

2. Республикалық бюджет тапшылығы		дамуының 2012-2016 жылдарға арналған болжамы							
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар								жоспарлы кезеңдегі іск	
								2011 жыл	2012 жы
1								2	3
1) Бюджет саясатының басымдықтары мен республикалық бюджет шығыстарын айқындау									X
2) Бюджеттік саясаттың және Ұлттық қордың негізгі өлшемдерін орта мерзімдік кезеңге әзірлеу									X
3) Бюджеттік заңнаманы жетілдіру								X	X
4) Үшжылдық кезеңге арналған «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу								X	X
5) Әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамаларын айқындау									X
6) Басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесін қалыптастыру									X
7) Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағалау жүргізу									
8) Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іске асыруға бағалау жүргізу									
9) Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын әзірлеу									
10) Жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың жаңа тетігін енгізуге бағытталған «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу									
11) «Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу									
12) Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру									
13) «Үш жылдық кезеңге арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және бекіту									
1.5-міндет. Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге саясатын жүргізу									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері		Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			
				2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл		
1		2	3	4	5	6	7		
Салық және кеден заңнамасын жетілдіру		ЭБЖМ деректері	%			100	100		
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар								жоспарлы кезеңдегі іск	
								2011 жыл	2012 жы
1								2	3
1) Қолданыстағы салық және кеден заңнамасын талдау									X
2) Халықаралық тәжірибені зерделеу									X
3) Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы барлық салық жеңілдіктеріне тексеру жүргізу									
4 )									
2015 жылдан бастап білім беру мен медициналық сақтандыруға қаражат салатын компаниялар мен									
								М ы н а л а р д ы :	

азаматтарды салықтардан босату тәжірибесін; 2020 жылдан бастап салықтық кредиттеу тәжірибесін енгізуді көздейтін ынталандыру шараларының кешенін (тұжырымдамасын) әзірлеу						
5) Берілгеннен кейін белгілі бір кезең ішінде игерілмей жатқан жерлерге жоғарылатылған салық мөлшерлемесін енгізу						
1.6-міндет. Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу, бәсекелестікті қорықтату салаларындағы саясатты жетілдіру						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. НҚА жобаларын пысықтау санын төмендету (табиғи монополиялар саласындағы заңнамалардың сапасын арттыру жолымен)	ЭБЖМ ақпараты	Бірл.				15
2. НҚА жобаларын пысықтау санын төмендету, (бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамалардың сапасын арттыру жолымен)	ЭБЖМ ақпараты	Бірл.				15
3. Монополияға қарсы саясаттың тиімділігін арттыру бойынша жұмыстардың үлес салмағы	ЭБЖМ ақпараты	%				100
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасы) есептеудің дискриминациялық емес әдістерін немесе табиғи монополиялардың субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) олардың шекті деңгейін келісу						
2. Тарифтің шекті деңгейін табиғи монополиялардың субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) бекіту кезінде шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін келісу						
3. Мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен монополияға қарсы саясат мәселелері бойынша кеңес өткізу						
1.7-міндет. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық міндеттеріне бағытталған мемлекеттің міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясатын жүргізу						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін ЖІӨ-ден 20% мөлшерінде төмендетілмейтін қалдықтан кем емес ұстап тұру	ҰБ мен Қаржыминінің деректері	ЖІӨ-ге қарағанда %-бен	26,5	26,3	27,9	31,9
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл

1	2	3
1) Республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын тиісті жылға арналған үкіметтік қарыздар бойынша болжамды деректерді айқындау		X
2) Үкіметтік борыш лимитін, мемлекеттік кепілдік пен мемлекеттік кепілгерлікті беру лимиттерін айқындау		X
3) Жергілікті атқарушы органдар борышының лимитін айқындау		X
4) 2009 – 2010 жылдарға арналған экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін бөлінетін Ұлттық қор қаражатының пайдаланылуын бақылау жөніндегі есепті дайындау		X
5) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайта құрылымдауды жүзеге асырған екінші деңгейдегі банктерді одан әрі дамыту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу		X
6) 2020 жылға дейін исламдық қаржыландыруды дамытудың жол картасына мониторинг жүргізу		X
7) Екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын жақсарту жөніндегі қадамдық жоспарға мониторинг жүргізу		X
8) Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру жүйесін енгізу бөлігінде заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтін заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу		

1.8-міндет. Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге жүргізу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Көші-қон заңнамасын жетілдіру	ЭБЖМ деректері	%	-	-	-	-

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңдегі ісі	
	2011 жыл	2012 жы
1	2	3
1) Қолданыстағы көші-қон заңнамасын талдау		
2) Халықаралық тәжірибені зерделеу		
3) Көші-қон проблемаларын шешу, шектес мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөнінде кешенді жоспар әзірлеу		
4) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде сүйемелдеу		
5) Қазақстанға шетелдіктердің кіруіне тыйым салуға негіздемелерді ретке келтіру бөлігінде «Халықтың көші-қоны туралы» және «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңдарға түзетулерді регламенттеу (Парламент Мәжілісіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде)		
6) Шетелдік кәсіпкерлік құрылымдар мен азаматтардың еңбек, салық және көші-қон заңнамасын бұлжытпай сақтауды қамтамасыз ету және бақылауды күшейту мәселелерін қоса алғанда, ішкі көші-қон мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру		

7) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі комиссияның қарауына Қазақстан Республикасының Көші-қон саласындағы теріс пайдаланулар туралы және еңбекші көшіп-қонушылармен қарым-қатынаста мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз ету туралы № 143 конвенцияға қосылуы туралы ұсыныстар енгізу		
8) Елдегі көші-қон және демографиялық жағдай туралы ақпараттық материалдарды дайындау		
9) БЭК қалыптастыруды және Орталық Азия өңірінде әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайдың өзгеруін ескере отырып, орта мерзімді перспективаға арналған Қазақстанның көші-қон саясатын оңтайландыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу		

1.9-міндет. Шикізаттық емес және жоғары технологиялық өндірістерге инвестицияларды тарту үшін жағдайлар жасау

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. ЖІӨ-дегі тікелей шетел инвестицияларының (ТШИ) үлесі	ҰБ	%				
2. 2020 жылға қарай экономиканың шикізаттық емес секторындағы шетелдік және отандық инвестициялар кемінде 30 %-ға ұлғаяды	СА	%				

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	жоспарлы кезеңдегі іск	
	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3

1) Инвестициялық саясатты Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) стандарттарымен үндестіру		
2) ЭЫДҰ-ның Инвестициялар жөніндегі комитетіне кіру		
3) ЭЫДҰ елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын енгізу және инвестициялық бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу		
4) Перспективалық ұлттық кластерлерді қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу		

2-мақсат. Әлемдік сауда-экономикалық жүйеге интеграциялау арқылы республиканың экономикалық мүдделерін жылжы жедел жүйесін құру

Бюджеттік бағдарламалардың кодтары – 001, 009, 017

Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Сыртқы сауда айналымының өсу қарқыны	Стат. деректер	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	66,0	112,1	112,1	111,5
2. Кең экономикалық санаттар бойынша жіктеуге сәйкес экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес экспорт үлесін ұлғайту (хатшылықтың статистикалық жіктеуі)	Стат. деректер	2009 жылға қарағанда %-бен				



3. Орташа өлшенген сауда тарифтік мөлшерлемесі <sup>1</sup>	Стат. деректер	Кедендік құннан %-бен	6,2	10,6	10,6	10,6
4. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Халықаралық дистрибуция бақылауы	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын		108	90	89
5. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Маркетингті жетілдіру	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын		85	84	83
6. ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Сауда кедергілерінің шамасы	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын		112	64	63
7. Сауда баждары (ставкалар мөлшері), ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде %-бен	ДЭФ есебі	Рейтингтегі орын		102	102	98
8. Халықаралық сауда	Дүниежүзілік Банк есебі	Дүниежүзілік банк рейтингіндегі орын (Doing Business)			182	181

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, қаражаттары мен әдістері:

2.1-міндет. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағын қалыптастыруды аяқтау

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Кеден одағы мәселелері жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің отырыстарында қабылданған шешімдер саны	Еуразиялық экономикалық комиссия ақпараты	Шешімдер саны	-	-	-	20
2. Кеден одағы мәселелері жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының отырыстарында қабылданған шешімдер саны	Еуразиялық экономикалық комиссия ақпараты	Шешімдер саны	-	-	-	40
3. Кеден одағына мүше елдердің (Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы) импорттық кеден баждарының ставкаларын біріздендіру	Нормативтік құқықтық база	%-бен үлес	38,8	96,0	96,0	97,0
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іск	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттарды кодификациялау мәселелері бойынша Кеден одағын қалыптастыру жөнінде келіссөздер жүргізу					X	X
2) Кеден-тарифтік және тарифтік емес реттеу тетіктерін қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу					X	X

3) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттарды кодификациялау мәселелері бойынша жұмыс топтарының отырыстарына қатысу						X
2.2-міндет. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономика аяқтау						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық базасын қалыптастыруды аяқтау	Нормативтік құқықтық база	Келісімдер саны	-	17	Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі келіссөздер процесінің қорытындылары бойынша	
2. БЭЖ шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын келісімдерді іске асыру мақсатында халықаралық шарттар мен өзге де құжаттарға қол қою	ЭБЖМ деректері	Дана				13
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іск	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі келіссөздер жүргізу					X	X
2.3-міндет. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру						
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Жұмыс тобына мүше елдермен ДСҰ-ға кіру бойынша екі жақты келіссөздерді аяқтау	Нормативтік құқықтық база	Хаттамалар саны	1	2	3	3
2. Қазақстандық заңнаманы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға ықпал ететін ДСҰ-дың шешуші келісімдерімен біріздендіру	Мем.органдар ақпараты	%				
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іск	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Кеден одағы шеңберінде ұлттық мүдделер мен міндеттемелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының келіссөз ұстанымын әзірлеу					X	X
2) Қазақстандық заңнаманы ДСҰ-ның шешуші келісімдерімен сәйкестендіру бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру					X	X
3) ДСҰ-ға кіру жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен келіссөздер жүргізу					X	X

2.4-міндет. Қазақстан Республикасының жетістіктерін халықаралық нарықтарда позицияландыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Экспорт географиясын кеңейтуге ықпал ету	ҚМ КБК деректері	Елдер саны	87	89	91	93
2. Ресей Федерациясындағы қазақстандық өнім экспортының өсімі (мұнаймен және газбен жабдықтау көлемін ескермегенде)	ҚМ КБК деректері	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен	43,5	142,0	130,0	132,0
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іс	
					2011 жыл	2012 жыл
1					2	3
1) Қазақстан Республикасының халықаралық көрмелерге, конференцияларға, форумдарға қатысуын ұйымдастыру					X	X
2) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда Өкілдігінің қазақстандық кәсіпорындардың өз тауарларын ресейлік нарыққа жылжытуына жәрдемдесуі					X	X
3) Қазақстан экономикасына Ресейден инвестициялар мен заманауи технологияларды тарту бойынша Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда Өкілдігінің конференцияларды, тұсаукесерлерді ұйымдастыру және өткізу					X	X
4) Өндірістік байланыстарды қалпына келтіру және халықаралық сауданы дамыту үшін Электрондық ақпараттық-маркетингтік орталықты құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету					X	X
5) Астана қаласында Экспо-2017 өткізуді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу					X	X
6) «Экспортер» мамандандырылған журналын шығару					X	
7) Ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін қорғау және ілгерілету, оның ішінде Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінің жанынан сауда кеңесшілері институтын құру арқылы экономикалық және сауда дипломатиясын одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу						
8) ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастырудың және өткізудің 2013-2018 жылдарға арналған ұлттық жоспарын орындауды мониторингілеу						
9) Өңірде және әлемде бірлескен кәсіпорындар құруды көздейтін «Жаһандық инфрақұрылымдық интеграция» бағдарламасын қабылдауды қамтамасыз ету						
2-стратегиялық бағыт. Нәтижелі мемлекеттік секторды құру						
1-мақсат. 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру қағидаттарында моделін енгізу						
Бюджеттік бағдарламалардың кодтары – 001, 012, 017, 018, 020						
Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1. Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін анықталған мемлекеттік қызметтер санынан мемлекеттік	Мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу	%		60	80	85

қызметтердің стандарттаумен және регламенттеумен қамтылу деңгейі	мониторингінің нәтижелері, нормативтік құқықтық база					
2. Мемлекеттік органдар қызметі тиімділігінің орташа деңгейін жыл сайын 5 %-ға арттыру	Э Б Ж М деректері	%			60,2	63,2
3. Мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындардың, АҚ (ЖШС) мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалауды қамту деңгейі	Қаржыминінің деректері	%				

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары, қаражаттары және әдістері:

1.1-міндет. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	
1. Анықталған мемлекеттік қызметтер санынан мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген мемлекеттік қызметтердің үлесі	Мем. қызметтер тізілімі	%		60	80	100	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңдегі іск		
					2011 жыл	2012 жыл	
1						2	3
1) Мемлекеттік қызметтер тізілімін кеңейту					X	X	
2) «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу						X	
3) «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету						X	

1.2-міндет. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және оның толыққанды жұмыс істеуі

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең	
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл
1	2	3	4	5	6	7
